

И.Ж. ЕРМУХАНОВА¹, А.Қ. ДҮЙСЕНБАЕВ²

¹*Ақтөбе өңірлік Қ.Жұбанов атындағы университеті (Ақтөбе, Қазақстан)*

²*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)*
Indira_1985.21@mail.ru, adk7575@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН САРЫШОЛАҚ БОРАНБАЙҰЛЫ (АҚТӨБЕ ӨңІРІ) ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа

Мақалада Ақтөбе өңірінің жергілікті ақыны Сарышолақ Боранбайұлының шығармашылығы мен өмірбаяны, өлеңдерінің мазмұны патриотизм бағытында екендігі сөз болады. Сарышолақ ақынның өлеңдері арқылы жас ұрпақтың еліне, жеріне, кіші Отанына деген сүйіспеншілігі оянатыны сөзсіз. Рухты шығармалары туған өлке тарихынан сыр шертеді. Сонымен қатар бастауыш сыныпта патриоттық тәрбиенің маңыздылығы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жан-жақты сауатты болуы, ізденісте болуы, мемлекетте қабылданып жатқан тәрбие бағыттары сөз болады. Өз Отанына деген сүйіспеншілікті, патриоттық сезімді қалыптастыруды неғұрлым ерте бастаса, патриоттық тәрбие нәтижесі де соғұрлым жоғары болмақ. Сондықтан қазіргі кезде болашақ мектеп мұғалімдерін патриоттық тәрбие беруге арнайы түрде даярлау қажеттігі туындап отыр. Қазақстандық патриотизм, елжандылық, ұлтжандылық ұғымдарын күнделікті құлағына сіңіріп, ұғып, ажырата алған баладан болашақта елі мен жерін, тілі мен ділін құрметтей алатын, үлгі көрсететін ел балалары шығары анық.

Түйін сөздер: патриотизм, жергілікті ақын, жауынгер ақын, Сарышолақ Боранбайұлы, аймақтық әдебиет, бастауышта білім беру

И.Ж. ЕРМУХАНОВА¹, А.Қ. ДҮЙСЕНБАЕВ²

¹*Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова (Ақтөбе, Казахстан)*

²*Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан)*

ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПОСРЕДСТВОМ ПРОИЗВЕДЕНИЙ САРЫШОЛАКА БОРАНБАЙҰЛЫ (АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОН)

Аннотация

В статье рассказывается о творчестве и биографии местного поэта Актюбинского региона Сарышолака Боранбайұлы, а также о том, что содержание его стихов направлено на патриотизм. Через стихи поэта пробуждается любовь молодого поколения к своей стране, к своей земле, к своей малой Родине. Произведения передают историю родного края. Также будет освещена важность патриотического воспитания в начальной школе, всесторонняя компетентность будущих учителей начальных классов, их поиск, направления воспитания, принимаемые государством. Чем раньше начнется формирование любви к своей Родине, патриотических чувств, тем выше будет результат патриотического воспитания. Поэтому в настоящее время назрела необходимость специальной подготовки будущих школьных учителей к патриотическому воспитанию. От ребенка, который ежедневно усваивает, понимает и различает понятия казахстанского патриотизма, патриотизма, национализма, в будущем выйдут дети страны, которые будут служить примером для подражания, уважая страну и землю, язык и менталитет.

Ключевые слова: патриотизм, региональный поэт, поэт-воин, Сарышолақ Боранбайұлы, региональная литература, начальное образование

*I.ZH. ERMUKHANOVA, A.K. DUISENBAYEV***EDUCATION OF PATRIOTISM OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS
THROUGH THE WORKS OF SARYSHOLAK BORANBAYULY
(AKTOBE REGION)***Annotation*

The article tells about the work and biography of the local poet of the Aktobe region Sarysholak Boranbayuly, as well as that the content of his poems is aimed at patriotism. Through the poet's poems, the love of the younger generation for their country, for their land, for their small homeland is awakened. The works convey the history of the native land. The importance of patriotic education in primary school, the comprehensive competence of future primary school teachers, their search, and the directions of education adopted by the state will also be highlighted. The earlier the formation of love for one's homeland and patriotic feelings begins, the higher the result of patriotic education will be. Therefore, at present there is a need for special training of future school teachers for patriotic education. From a child who daily assimilates, understands and distinguishes the concepts of Kazakhstani patriotism, patriotism, nationalism, in the future there will be children of the country who will serve as a role model, respecting the country and the land, language and mentality.

Keywords: patriotism, regional poet, warrior poet, Sarysholak Boranbayuly, regional literature, primary education

Кіріспе. Қазіргі таңда бастауыш мектеп оқушыларын елжандылық, ұлтжандылық, елге сүйіспеншілік бағытында тәрбиелеу – қоғамның рухани жаңғыруына жол ашып, адам санасында елдің ұлылығын жаңартуға әкеледі. Нәтижесін баланың шындыққа деген қарым-қатынасынан, оның шығармашылық жан-жақтылығынан көруге болады. Ғылыми мақаланың мақсаты да айқын: өз Отанына деген сүйіспеншілікті, патриоттық сезімді қалыптастыруды неғұрлым ерте бастаса, патриоттық тәрбие нәтижесі де соғұрлым жоғары болмақ. Балалардың ерте жастан бастап физикалық, интеллектуалдық, эмо-циялық және әлеуметтік тұрғыдан тез дамитынын есте сақтау қажет [1,12-б]. Сондықтан қазіргі кезде болашақ мектеп мұғалімдерін патриоттық тәрбие беруге арнайы түрде даярлау қажеттігі туындап отыр.

Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Дәл қазір қазақстандықтар патриотизмнің авангардында болуы керек. Отандық патриотизмнің формуласы анық және айқын: халықтың тарихын білу, мемлекетке құрмет, үнемі өзін-өзі дамыту, адалдық, жұмысқа қабілеттілік. Бос және екіжүзді адам ешқашан патриот болмайды» [2].

Әдеби шолу. Балалардың бойында патриоттылық сезімді қалыптастыру тақырыбы

жаңа тақырып емес, оны Ю.К. Бабанский, В.Я. Стоюнин, В.А. Сухомлинский, А.С. Макаренко, К.Д. Ушинский секілді ғалымдар мен Н.А. Белоусов, В.В. Буткевич, А.Д. Живейко, В.И. Лутовинов, М.А. Терентий т.б. жаңа педагог ізденушілер көтерген болатын. Оларды балалардың санасында патриоттылықты кіші мектеп кезінен қалыптастыру керектігін баса айтқан.

Қазақстандық ғалымдардың да мектеп оқушыларын патриоттылыққа тәрбиелеу мәселесіне ат салысуда.

Педагогика ғылымдарының кандидаты Дүйсенбаев А.Қ. өзінің 2006 жылы қорғаған «Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары» атты диссертациясында [3] жалпы және орта білім беретін мектептің іс-тәжірибесінде орта және жоғарғы сынып оқушыларына отансүйгіштік тәрбие беруде ұлттық рухани мұраны пайдалануда бірегей жүйенің жоқтығын дәлелдейді. Ғалым «батырлардың қаһармандық бейнесі», «қазақ патриотизмі», «отансүйгіштік» ұғымдарына анықтама беріп, маңыздылығын көрсетеді. Ғалым «Қазақ патриотизмі – советтік патриотизм – қазақстандық патриотизм» деп бөліп қарастырып, әр кезеңнің өзіндік саяси бағыты болғанын көрсетеді. Және «Қазақ

патриотизмі – рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата-бабаларымыздың қаһармандық, батырлық, ерлік, отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру идеяларының жиынтығы» екенін дәлелдеп береді.

Ғалымның жетекші идеясы қазақ батырларының қаһармандық бейнесі ар-қылы оқушылар бойында отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырып, бүгінгі заман талабына сай отаншылдық рухы биік азамат тәрбиелеу. Әрине, патриоттық сезімін дамыту бастауыш сыныптан бастап, әрі қарай жалғасын табатыны сөзсіз.

Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Еримбетова Гафура Хадимовнаның диссертациясы «Бауыржан Момышұлының шығармалары негізінде жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие» деп аталады [4]. Ғалым Бауыржан Момышұлының қасиретті күресте ерен еңбегін жастарға дәріптеу арқылы, арғында қалған мол мұрасымен таныстыруды маңызды деп санайды. Зерттеу жұмысының мақсаты да оқушыларға патриоттық тәрбие беру және теориялық тұрғыдан негіздеу. Белгілі адамның өнегелі сөздері мен істері, тұрмысы мен мәдениеті, өнері мен өмір тәжірибесі отансүйгіштік сезімінен бастау алатынын да баса айтады.

Ақтөбе өңірінде әр кезеңде өмір сүрген халық қалаулылары, ақын-жыршылары өз деңгейінде, шама-шарқынша зерттелініп, оқырман назарына ұсынылып отырды. Сонымен қоса елін, жерін сүйе тақырыбынан да айналып кеткен жоқ. Филология ғылымдарының кандидаты, талантты ұстаз С.Ж. Бермағамбет «Діни-ағартушылық және Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлының әдеби мұрасы» атты монографиясында «Діни-ағартушылық ағымның өкілдері өз кітаптарында, мұсылманшылдық білім саласында пайда болған жаңа бағыт – усли жадидті жақтады. Бұл оқудың жаңа әдісі еді. Оқытудың бұл әдісі арқасында ел арасында білімге ынта-жігер өсіп, балалар аз уақытта сауаттылыққа жетті» деп келтіріледі, яғни Ақтөбе өңірінің ақыны Кердері Әбубәкір шығармаларындағы тәлім-тәрбие берерлік мұраны паш етеді [5, 33-б].

Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Т. Бораштың «Сары Батақұлының әдеби мұрасы» атты оқу құралы [6], ерлік пен елдікті, береке мен бірлікті, ақиқат пен ар-намыстың жаршысы, қарымды шешендігімен елге сыйлы азамат Ақтан Керейұлының шығармашылығын зерттеген Есентүгел Әзидің кітабы [7] диссертация тақырыбын аша түсетін бағалы еңбектер.

«Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу» атты диссертация жазған Тулегенова Газиза Адильбековна бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың құрылымдық-мазмұндық моделін жасайды [8].

«Студенттердің азаматтық ұстанымдарын патриотизм негізінде дамыту» тақырыбын терең зерттеген Нұрпейісов Нұржан Талдыбекұлы: «Патриоттық тәрбие, қазақстандық патриотизм, ұлттық патриотизм, азаматтық ұстаным студенттердің тәрбиелік деңгейін бағалаудың көрсеткіші», – деп есептейді өз диссертациясында [9].

Тақырыптың маңыздылығы келесі мәселеден көрінеді: патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихы мен әдебиетін оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені, ақын-жыраулардың шығармалары тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. М.Пришвиннің «Өз Отаныңды жақсы көру – оны білумен пара пар» деген анықтамасы сөзімізге дәлел. «It is known that a healthy and normally developing child has psychological needs as well as natural needs; it seems that there are needs that exist unchanged in essence. Oral and written works have a significant role in meeting these needs» [10].

«Сонымен қатар, тарих, әдебиет және география сабақтарында оқушылар біздің

елге деген табиғи сүйіспеншілікті тудыратын нәрселер: тау жоталары, джаз музыкасы, ұлттық ойын-сауық, негізгі принциптер секілді дүниелермен таныса алады» [11].

Әлемдік жаһандану жағдайында біздің тарихи және қазіргі мәдени-рухани мұрамызды сақтау және көбейту қажет. Мақаланың құндылығы осында жатыр. Еліміздің елдігін бастауыш мектептен бастап сақтап қалуды үйрету.

Зерттеудің әдіснамасы. Қазақ халқының тағылымдық мұраларындағы отансүйгіштік тәрбие берудің ғылыми-әдіснамалық негіздері тарих, әдебиет, аймақтық әдебиет, этнография, этнопедagogика қағидаларына сүйене отырып зерделенеді.

Негізгі бөлім. Көрші Ресей мемлекетінде азаматтарды патриоттық тәрбиелеу бағдарламасының бес жылдық жоспарына әр аймақ өзінің бағдарламасын өз өңіріне сай жасауы қажет деген тұжырым жасады. Жұмыс басталып кетті. Краснодар қаласында 1 қыркүйектен бастап барлық мектептерде казактар классы ашылатын болады. Мектептің басты мақсаты – ұлттық мәдениетке, әдебиетке бет бұру. Қосымша сабақтар ретінде казактар тарихы мен мәдениеті, дін тармақтары үйретілетін болады. Яғни әр ұлттың, әр елдің өз тарихы мен мәдениеті өсіп келе жатқан ұрпақ жадында сақталуы тиіс – бұл қағида. Осындай бастамалар біздің елде де болуы тиіс.

АҚШ мемлекетінде жазғы мектеп кезінде балаларға ел іргетасын қалаған ата-бабалары турасында, мемлекет Конституциясы мен Тәуелсіздік Декларациясы жөнінде оқып, патриоттық ән айтудан бастайды екен. Аталған шараларды жүргізу арқылы өз еліне деген мақтаныш сезімі оянып, елдің батырларының тарихы айтылып, қоңырау кезінде талданады. Әрқашан осы бағытта жұмыс жасауға талпынған. Балаларымызға патриотизм сабақтарын кірістіруіміз керек. Егер де сен ұлтыңның ұлы екенін білмесең, ұрпағың оның шынайы мұрасынан айырылғанмен пара пар. Өйткені сол елдің бір кездегі ақылды басшысы Авраам Линкольннің «Бүгін мектептерде үстемдік

ететін философия ертең мемлекеттік басқару философиясына айналатын болады» деген қорқынышы үстем болған.

Тарихшы Сергей Мироненко ойынша патриоттық сезімді тәрбиелеуді кіші Отанға деген махаббат бастау қажет: өз ауылының, ауданының, облысының, отбасының тарихы. Патриоттық тәрбиенің қайнар көзі осы жерде. Сонымен қатар қандай оқулық болса да, ол мұғалімнің қолындағы көрнекілік құралы ғана. Сол себепті мұғалім мықты қарулану қажет деген ой түйеді. Өйткені «Бастауыш мектеп жасындағы балалар өте сезімтал, көп нәрсеге қызығушылық танытады, олар барлық бастамаларға оңай жауап береді, шын жүректен жанашырлық танытады. Дәл осы кезеңде баланың рухани-адамгершілік негізі, сезімдері, эмоциялары, ойлауы, қоғамдағы әлеуметтік бейімделу механизмдері қалыптасады, қоршаған әлемде өзін-өзі тану процесі басталады, ондағы жеке актуализация басталады. Адам өмірінің бұл сегменті балаға эмоционалды және психологиялық әсер ету үшін ең қолайлы, өйткені оның қабылдау бейнелері өте күшті және жарқын. Бұл оларды ұзақ уақыт, кейде өмір бойы есте сақтауға мүмкіндік береді, бұл патриотизмді тәрбиелеуде өте маңызды» [12].

«Мұғалім тек білімнің көлемін ғана емес, өзінің сенімі мен Отанына деген сүйіспеншілігін де жеткізе алады. Балалар оны тыңдайды, оған қарайды», – деп есептейді ресейлік ғалым Василий Подерягин.

Франция колледж бен лицейлерінде «Азаматтық тәрбие» курсы факультатив ретінде өткізіледі. Яғни бастауыш баспалдағынан бастап, орта, арнаулы оқу орнын бітірген кезде әлеуметтік бағытта тәрбие курстары өткізіліп, бітіруші куәлігіне бағасы түседі. Өйткені оқу орнын аяқтаған маман патриотизм ұғымы, елінің тарихы мен хал-ахуалы жайлы біраз мәліметтерге ие деген сөз.

Біздің елімізде де биылғы оқу жылында 5-11 класстарға арнап «Патриотизм және жаһандық құзыреттер» курсы факультатив форматында оқытылатыны баршаны қуант-

қаны сөзсіз. Өйткені патриотизм ұғымы әр оқушының жадында ойып тұрып орын алуы қажет. Отбасындағы тәрбиеден бастап, мектептегі жеті сайын жоғарғы сыныптармен қатар бастауыш класс оқушыларының бір жиналыста тұрып, Қазақстан Республикасының гимнін шырқауы – қазіргі таңда аздық етуде. Қазақстандық патриотизм, елжандылық, ұлтжандылық ұғымдарын күнделікті құлағына сіңіріп, ұғып, ажырата алған баладан болашақта елі мен жерін, тілі мен ділін құрметтей алатын, үлгі көрсететін ел балалары шығары анық. Курс мынадай модульдерден тұрады: «Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері», «Азаматтық», «Парасаттылық пен әдеп», «Экология мәдениеті», «Сыни тұрғыдан ойлау», «Зайырлылық және дінтану негіздері», «Медиа сауаттылық». Сынып пен жас ерекшелігіне байланысты бағыттар бөлінетін болады. Осыған орай туған еліміздің тарихы мен мәдениеті, әдебиеті мен тілі, қалыптасуы мен көрші мемлекеттер арасындағы байланыс, экономикалық ахуалы мен діни мәселелері, экологиялық жанашырлық пен жан-жақты сауаттылық актуалды мәселе болып, күн тәртібінен түспегенін атап өткен жөн.

«Өз елінің тарихына, мәдениетіне және дәстүрлеріне, халқының мәдени мұрасына қызығушылықтарының артуы негізінде ұлттық өзіндік сананың өсуі байқалады. Жаңа қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікке бағдарланған дүниетаным қалыптасу процесі жүріп жатыр. Елдегі оң өзгерістер білім беру ұйымдарының тәрбие процесінде көрініс табуы қажет» делінген еліміздің «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» [13].

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Амангелді Айталы «Қазақ болу немесе рухани арпалыс» мақаласында аймақтық әдебиеттің азаматтардың патриоттық сезіміне тікелей тәуелді екенін былайша түсіндіреді: «Аймақтық патриотизм сол аймақтың тарихи, экономикалық, табиғи, мәдени, территориялық, басқа да

ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Әрдайым басқа аймақтармен салыстыру орнын айқындау, аймақты бәсекеге қабілетті ету ұмтылысы азаматтық парыз» [14].

Сонымен қоса ғалым бастауыш сыныпта баланың бойына сіңірген білім мен тәрбие ісіне жұмсалған қаражат ең тиімді ұлттық инвестиция деп есептейді, яғни баланы тәрбиелеу неғұрлым ертерек басталса, соғұрлым нәтижесі де сапалы болмақ [15].

Талдау. Аймақтық әдебиеттің ең көрнекті өкілдерінің бірі, Патшалық Ресейдің отарлық езгісіне тек сөзімен ғана емес, іс жүзінде де қарсы күреске шыққан, шығармалары Махамбетпен үндес келетін жауынгер ақын, өз елінің патриоты – Сарышолақ Боранбайұлы. Ақынның қай өлеңін алып қарасаңыз да ұлт мүддесін, ел бірлігін, ел тәуелсіздігін, ұлт құндылығын көздейді.

Өлкетанушы ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесінде атақты жергілікті ақын өмірі мен шығармашылығы «Аймақтық әдебиеттану» курсының мазмұнына кіріп отыр. Бұл болашақ филологтарға арналған. Ал болашақ бастауыш сынып оқытушыларына осы курстың тәрбиелік жағы, елі мен жеріне сүйіспеншілігі, атқарған істері мен отты, рухты өлеңдері баса айтылу қажет. Сол себепті Жоғарғы оқу орындарының «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасына «Бастауышта мектеп оқушыларына аймақтық әдебиет арқылы патриоттық тәрбие берудің кейбір мәселелері» атты элективті пәнді енгізу де тегіннен тегін емес.

Сарышолақ мұрасының жанры сан-салалы, онда толғау, арнау, жоқтау, беташар, төкпе айтыс, қыз бен жігіт айтысы, сықақ-эпиграмма, мадақ, дастан, саяси-әлеуметтік, философиялық жырлар, көңіл-күй, табиғат лирикалары, ән мәтіндері, аңшылық-саяткершілікке арналған өлеңдер бар.

1858-1929 жылдары өмір сүрген Ақтөбе облысының тумасы өзі туралы:

Сұрасаң білмегіңе жылым – жылқы,

Көмейде жасырулы жырдың кілті.

Кейбіреу мәңгіліктей шалқақтайды,

Өлген соң неге керек жиған мүлкі? –

деп куәлік береді [16, 72-б]. Ол Ұлы Борсық құмы мен Елек өзені аралығында көшіп-

конған елдің отбасында дүниеге келгендіктен кіндік қаны тамған жерін мынау деп тап басып айту қиын. Ақтөбе облысының тумасы. Ол Алты ата Әлім ішінде Шекті, оның Тілеу тайпасынан. Сарышолақ өлең, толғауларын кейінгі ұрпаққа жеткізген соңғы шәкірті

Жантеке Қожабергенұлы.

Шәкіртінің айтуы бойынша Сарышолақ ат жақты, түсі сары, көзі көкшіл, үлкен құлақты, бойы ортадан төмен, кимылы ширақ, шапшаң, қайратты кісі.

Сарышолақтың ата-тегінде ақын болмаған. Жеке басына қонған. Бір түнде дарыған екен деген де сөз бар. Әкесі Боранбай кедей, шаруа. Аздап домбыра шертіп, ән салатын өнері болған. Сонымен қатар от тілді шешен, қоғам қайраткері, Ресей отаршылдарына жер, әскеріне адам бермеймін деп қарсы күрескен, ақыры ажалы содан келген. 1908 жылы Орынбор түрмесінде өлтірілген, ел қамқоры Мырзағұл Шыманұлының досы, үзеңгілес серігі болған.

Жыр жүйрігі, Ақтөбе өңірінің ақыны Нұрпейіс Байғанин Сарышолақ Боранбайұлына арнап 1939 жылы қазан айында Бүкілодақтық лениншіл жастар одағының XX жылдық мерекесіне арнап «Ақын» поэмасын шығарған.

2006 жылы Алматы қаласындағы «Ел-шежіре» баспасынан Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты ректоратының «Қазына» атты әдеби мұра жобасы аясында жергілікті өлкетанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Асанов Жұманазар Асанұлы ақынның өлеңдерін, дастандарын, айтыстарын толық жинап, алғы сөз жазып ғылыми айналымға енгізген болатын.

Сарышолақ шайырдың ғұмырнамасы Мырзағұл Шыманұлымен тікелей байланысты. Ол елі мен жері үшін күрескен, 1903 жылы Біршоғыр, Шалқар бекетінде басталған шаруалар көтерілісін басқарған батыр жауынгер. Ол туралы Сарышолақ ақын:

Жүйесін тауып сөз айтып,

Патшаға солдат бермеді.

Дін, мұсылман, ар үшін,

Дұшпанға қылыш сермеді, – дейді. Жиыр-

ма бес жасында болыс болған, ел үшін қызмет қылған, отарлаушыларға қарсы күрескен Мырзағұл Шыманұлының қасында досы, үзеңгілес серігі болған ақын Сарышолақ Боранбайұлы ер жігіттің бойында болатын намысшылдық, елін шексіз сүйу қасиеттерін жоғары бағалаған. Әр қазақ бойынан табылуы да қажет деп баса айтады.

Мырзағұл еді жалын-шоқ,

Патшаға қарсы тіркескен.

Әскерге атып қырлы оқ,

Халық, жер үшін күрескен, –

деп көтеріліс жетекшісін мадақтап, ер жігіттік ісін құптайды.

Қасарысқан дұшпанға,

Бас кетсе де өлермен, –

деп, жауға қарсы тұру әр азаматтың міндеті екенін жыр арқауына қосады.

Немесе:

Ойлайық кейінгі баланы,

Кекке қайрап намысты,

Ояталық қараны, яғни жері мен елінің мәселесі ақынның басты тақырыбы. Болашағының алдында жерін аман сақтап қалу арманы. Сондықтан:

Өз жеріңнен артылмас,

Қанша шықсаң да өзгелердің төріне, –

деп, өз жеріңнен артық табылмайтынын айтып, кейінгі ұрпақты жері мен елін, туған жерін сүйуге, құрметтеуге шақырады.

Құлдықпен өмір сүргенше,

Қанжығада бас кетсін, –

жері үшін басын тігіп отыр. Кейінгі ұрпаққа аманаты да сол.

«Қара аспан жерге түссе де, Өзіңді ұста әр кезде», «Алған беттен таймалық», «Шиырлы топқа кіргенде, кейін тартпа, шегінбе», «Ретті жерде сермелеп, Топқа түс, айқай-ұрандап», «Асығыс түбі шалалық, Ойлансаң істің сауабын, Тереңде болар даналық» – деген ұранды ойлары жастарды намысты жоғары қоюға, ұят, ар ұғымдарының ер азамат үшін биік екенін ұмытпауға шақырады.

Өмірден көрген-білгенін таразылай келе қанатты, нақыл сөздерге айналған ойлары мен насихаттары Сарышолақтың «Даусымды аңсап шөлдейді», «Дауылға қарсы құм шашпа», «Тыңдаушым зерек сөз ұқса» өлеңдерінде кездеседі:

*Биліктің сән келмейді,
Қисынын құрап таппасаң.*

*Бос көкірек желдейді,
Бопса сөзбен жоқтасаң [16,140-б]*

Немесе:

*Дауылға қарсы құм шаппа,
Біғындағы тұншығар.
Білмегенге сыр ашпа,*

Мақау болса да, тіл шығар [16, 141-б]

Және де :

*Батырлар қайда жау алған,
Олар да өмір қонағы.
Өлмейтін сірә, пенде жоқ,*

Сарқылса қанның бұлағы [16, 150-б] –
деп өмір философиясынан ой толғайды.

Сарышолақ Боранбайұлы көрген-білгені көп, жан-жақты білімді адам.

*Қопасор, Жомарт, Тебен су –
Көшпелі елдің жайлауы,
Көк майсалы құмайты,
Шұлғытып бие байлаулы.
Ағынды өлке, тасқын су,
Тасбұлақтың қойнауы, –*

аталған жердің бәрі Сарышолақ ақынның ата қонысы, туған жері. Шежірелік сипаттау мен елінің жағрафиялық орнын белгілеп, жырларына қосу оқушының да кең байтақ жерінің тау-тасын, суын, жайлауын біліп, үйренуіне бір қадам жақындай түседі.

Ақын алтын ұя мекенін, туған жерін жан-жақты жақсы біліп, қамауда жүргенде сағынып жыр арнаған:

*Еділден бермен жайлаған,
Жайықтың бойын бойлаған.
Сағыз, Елек, Ойыл, Жем,
Майлысай, Бірғыз суына да тоймаған.
Қауылжыр, Тебен, Қос-Шаған,
Мыңғыраған малмен сыймаған.
Сонау шеті Арал мен
Атырау, Үстірт, Құбажон.
Орынбор, Сарыат, Оралмен
Бәрі де тыю қазірде,*

Жандарал салған қаралмен [16,112-б]
.... – Сарышолақ ақынның өз жерінің тарихын, жағрафиясын жетік білгені көрініп-ақ тұр. Кеудесі малға толған ұшықиыры жоқ елінің табиғатын, жайлауының кеңдігін әдемі суреттеп, көкейге мақтаныш ұялатады. Болашақ мұғалім жоғарыла

аталған өлеңдерді нақышына келтіріп оқып, көрнекі құралдармен, фото суреттермен толықтыратын болса, өскелең ұрпақ жадында әдемі көріністер мен ауыл атауларын сақтап, оларды естіген кезде елең етіп, Ақтөбе өңіріне қатысты аймақтар екенін есіне түсіреді.

*Қауылжыр, Тебен, Майлысай,
Үш Қарасай, Сырлыбай –
Атамның ескі жұрты екен.
Сағымдана көрінген
Барлығы да бұлдырай,
Бесшоқы мен Боташтың,
Тұрғанын қараиш мұнартып.
Боқтыбай шыңы әнекей,
Қойғандай нарға жүк артып.
Тобылғысай, Сүттікүл –
Қарайды о да сыр тартып.
Ахраб, хауыс келгенде*

Жомарттан ұшар құс қалғып, –
әдемі көрініс, әдемі табиғат, әдемі теңеулер. Қазақ жерінің қай өлкесі болсын өзінше тамаша. Сарқырап аққан бұлағы, ән шырқаған бұлбұлы, мұнартып тұрған таушыңы – ақынның жанға жылу сыйлаған сөз өрнектерімен әдемі үйлесім тапқандай. Өлеңді оқи отыра туған жер табиғатына тамсанбасқа, жоғары эмоциялық әсер алмасқа болмайды.

Сарышолақ шығармаларындағы басты сарын – жер мәселесі, ата қоныс, бас бостандығынан айрылған тұтас елдің мұң-зары, ақынның толғауларында айқын көрінеді. Сонымен қатар ақын толғауларында Ұлы Құм, Жомарт, Қопасор, Тебен су, Шалқар көл, Атжақсы, Жайынды, Бірғыз, Борсық, Біршоғыр, Әлімтау, Үш Қарасай, Жайық, Қарашолақ секілді жер-су атауларының жиі естілуі де кездейсоқ емес. Өйткені бұл жерлер қазақ халқының ежелден тұрмыс құрған ыстық, әрі қымбат атажұрт, құт мекендері. Қазіргі таңда атауын өзгертіп, тұрғындардың аздығына байланысты ауылдарды бір-біріне қосып, немесе тіптен жойылып кеткеніне қарамастан, ономастикалық тұрғыдан кейбір зерттеулерге де таптырмас ақпарат болып табылады.

*Шерлерім, менің шерлерім,
Күн туғанда тартынбай,*

*Қиынға салар ерлерім,
Қысылғанда тарығып,
Намысты бермес өрлерім,
Қиын-қыстау, баз кешу,
Сескенгенін көрмедім,
Келелі нардай жампоздар,
Жауға тыниу бермедің,
Ажалға қарсы бет қойып,
... ертеңге қалмай жақсы ісің
Жүргейсің әсте тындырып,
Ойқастап жаудың ордасын*

Салалық ерлер бір бүлік, [16, 94-б] – деп халыққа жігер беріп қана қоймай, кішігірім қозғалыстардың бас қасында да жүрді.

Барлық өмірі Патшалық Ресеймен күресіп өткен ақын болашақтан үмітін үзген емес:

*Үміт шіркін болашағым болар ма,
Әлде арман – қайғыменен солар ма?
Ұрпақтарым жетісетін күн болар,
Ендігі ойым жалын атан соларда.
Сарышолақты еске алатын жан туар,
Үміттеніп әр нәрсеге талпынар.*

*Жалғыз болып туғанменен анадан,
Ер жігіттің әрқашанда халқы бар,* – деп ұлтының түптің-түбінде азаттық алып, еркін елге айналатынына бек сенеді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, әр бастауыш сынып оқушысы әуелі анасынан, отбасынан үйін, шаңырағын сүю, құрметтеу секілді жылы сезімнен бастау алып, тұлға болып қалыптасуына, әрі қарай біртіндеп

ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтерілетін ұлы сезім иесі болу үшін жастайынан сана-сезіміне әсер ететін өз туған өлкесінен шыққан ақын-жыршыларды танып-білу, шығармашылығымен танысып, рухты өлеңдерін жаттау, бойына сіңіру – тәрбиенің бастауы. «Қазақтардың арғытүптік дүниетанымынан бастап, ондағы тұрмыс-салт ерекшеліктерін, номадологиялық өмір сүру шарттарын байыптай отырып, ұлттық рух пен әлеуметтік ортада жетілуі туралы тәрбиелік қағидаларын дамытып, бүгінгі ұрпақты ерлікке, отансүйгіштікке, батырлыққа баулуда ұлттық құндылықтарымыз бен дүниетанымымыздың дәйектілігін аңғарамыз» [17, 263-б]. Бала кезден мемлекетіміздің келешегінің тұтқасын ұстайтын, жас ұрпақты рухты, қайсар, батыл, батыр жеткішек болып қалыптастыру – Отанынымыздың, атамекеніміздің, туған өлкеміздің болашағының жарқын болуына кепілдік береді.

Қазақты тарихтың талай сынынан сақтаған рух болса, сол рухтың бір дем берушісі Сарышолақ Боранбайұлы секілді от жүректі, батыр ақын. Ел тәуелсіздігінің қадірін біліп, көздің қарашығындай сақтау үшін Сарышолақ ақындардың ұлт деп соққан жүрегіне үңілу арқылы болашақ балапандарымыздың жүрегіне патриотизм дәнін себетін боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Russell Grigg. Becoming an outstanding primary school teacher. Second edition. – Routledge, New York, 2018. – 473 p.

[2] <https://kazpravda.kz/n/formulu-kazahstanskogo-patriotizma-ozvuchil-kasym-zhomart-tokaev/>

[3] Дүйсенбаев А.Қ. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дисс.: 13.00.01. – Атырау, 2006. – 160 б.

[4] Еримбетова Г.Х. Бауыржан Момышұлының шығармалары негізінде жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру: пед. ғыл. канд. ... дисс.: 13.00.01. – Алматы, 2010. – 152 б.

[5] Бермағамбет С.Ж. Діни-ағартушылық және Әбубәкір (Кердері) Боанқұлұлының әдеби мұрасы. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. – 130 б.

[6] Бораш Б. Сары Батақұлының әдеби мұрасы. Оқу құралы. – Алматы, «Ғылым» баспасы, 2020. - 148 б.

[7] Есентүгел Ә. Ақтан Керейұлы» (1850-1912)/ Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының «Аймақтық әдебиеттану» зертханасы. – Ақтөбе, 2010. – 58 б.

[8] Тулегенова Г.А. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу. – Талдықорған, 2021. – 162 б.

[9] Нұрпейісов Н. Т. Студенттердің азаматтық ұстанымдарын патриотизм негізінде дамыту. – Нұрсұлтан, 2020. – 124 б.

- [10] Mukhtarkyzy, A. Z., Islamiya, K., Barshagul, K., Nazira, A., Ibragimovna, S. F., & Boranbayeva, A. (2022). Technology of schoolfamily cooperation in promoting inclusive education. *World Journal on Educational Technology: Current Issues*. 17(4), 1065-1076. <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i4.7675>
- [11] Buck. D.J. Schools need to Teach Patriotizm / *Арео*. 02.10.2019. *Philosophy*. № 9 (92).
- [12] Сыдықова Р.Ш., Мухамеджанова И. Бастауыш сынып оқушыларының патриотизмін қалыптастыру технологиясы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2022. – №1(123). – Б.219-228. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.19>
- [13] Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б.
- [14] <https://egemen.kz/article/171159-amangeldi-aytaly-qazaq-bolu-nemese-rukhani-arpalys>.
- [15] <https://alashainasy.kz/sailaujanaliktari/amangeld-aytalyi-fgd-professor-tort-jaska-deyng-balanyin-boyyina-snrngen-blm-men-99394/>
- [16] Боранбайұлы С. Азаттық еді аңсаған. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: «Ел-Шежіре», 2019. – 264 б.
- [17] Дүйсенбаев А.К. Қазақ халқының этномәдени мұраларындағы патриоттық тәрбие // *Педагогика және психология*. – № 4(49), 2021 260-237 б. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped>

References

- [1] Russell Grigg. *Becoming an outstanding primary school teacher*. Second edition. – Routledge, New York, 2018. – 473 p.
- [2] <https://kazpravda.kz/n/formulu-kazahstanskogo-patriotizma-ozvuchil-kasym-zhomart-tokaev/>
- [3] Dyusenbayev A.K. Pedagogical conditions for patriotic education of students through the heroic image of Kazakh batyrs: *Kand. ped. science.... diss.: 13.00.01. - Atyrau, 2006. - 160 p.*
- [4] Yerimbetova G. Patriotic education of high school students based on the works of Bauyrzhan Momyshuly: *Kand. ped. science... diss.: 13.00.01. - Almaty, 2010. - 152 p.*
- [5] Bermagambet S. Zh. Religious and educational and literary heritage of Abubakir (Kerderi) Boankululy. - *Aktobe: Publishing Department "Zhubanov University", 2019 – 130 p.*
- [6] Borash B. The literary heritage of Sary Batakovich. *Training manual. - Almaty, Publishing House "Science", 2020. - 148 p.*
- [7] Esentugel A. «Aktan Kereyuly» (1850-1912)/ laboratory “regional literary studies” of the Aktobe State Pedagogical Institute. - *Aktobe, 2010. - 58 p.*
- [8] Tulegenova G.A. Patriotic education of students through the teaching of humanitarian disciplines in primary grades. - *Taldykorgan, 2021. - 162 p.*
- [9] Nurpeisov N. T. Development of students ‘ civic position on the basis of patriotism. - *Nursultan, 2020 –124 p.*
- [10] Mukhtarkyzy A.Z., Islamiya K., Barshagul, K. Nazira A., Ibragimovna S.F., & Boranbayeva A. (2022). Technology of schoolfamily cooperation in promoting inclusive education. *World Journal on Educational Technology: Current Issues*. 17(4), 1065-1076. <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i4.7675>
- [11] Buck. D.J. Schools need to Teach Patriotizm / *Арео*. 02.10.2019. *Philosophy*. № 9 (92).
- [12] Sydykova R. Sh., Mukhamedzhanova I. Technology for the formation of patriotism of Primary School students // *Bulletin of Yassawi University*. – 2022. – №1(123). – P.219-228. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.19>
- [13] *Conceptual foundations of Education*. - Astana: Y. Altynsarin National Academy of Education, 2015. - 21 p.
- [14] <https://egemen.kz/article/171159-amangeldi-aytaly-qazaq-bolu-nemese-rukhani-arpalys>.
- [15] <https://alashainasy.kz/sailaujanaliktari/amangeld-aytalyi-fgd-professor-tort-jaska-deyng-balanyin-boyyina-snrngen-blm-men-99394/>
- [16] Boranbayuly S. Azattyk was longing. *Selected works. - Almaty: "El-Shezhire", 2019. - 264 P.*
- [17] Duisenbayev A. K. Patriotic education in the ethno-cultural heritage of the Kazakh people // *Pedagogy and psychology*. – No. 4 (49), 2021 pp. 260-237. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped>